

**Астана қаласы әкімдігінің «Әлихан Бөкейхан атындағы  
№76 мектеп-лицей» ШЖҚ МКК-ның  
2021-2022 оқу жылындағы тәрбие бөлімінің жұмысы бойынша талдауы**

«Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерін қабылдау туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі № 145 бұйрығына сәйкес, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына және Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Б. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының «Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың 2021-2022 оқу жылындағы ерекшеліктері туралы» Әдістемелік нұсқау хатына сәйкес жасалды.

2021-2022 оқу жылдарында тәрбие бөлімі 8 бағыт бойынша жұмыс жасады. Әлихан Бөкейхан атындағы мектеп болғандықтан іс-шараларды ұйымдастыруда Әлихан бабамыздың өмір баянымен оқушыларды тереңірек таныстыру үшін Әлихан мұражайын жиі қолдандық және оған оқушылардың танымдық экскурсияларын ұйымдастырдық. Оқу жылы барысында тәрбие бөлімінде барлығы 77 іс-шара атқарылды:

- 1-бағыт – 18;
- 2-бағыт – 7;
- 3-бағыт – 5;
- 4-бағыт – 8;
- 5-бағыт – 17;
- 6-бағыт – 5;
- 7-бағыт – 4;
- 8-бағыт – 13;

**Тәрбиенің 1-бағыты «Қазақстандық патриотизм мен азаматтық тәрбиелеу, құқықтық тәрбие».** Мақсаты: балалар мен жастардың патриоттық сана-сезімі мен өзіндік сана-сезімін қалыптастыру, Қазақстан Республикасының Конституциясына, мемлекеттік рәміздерге құрметпен қарауды тәрбиелеу, құқықтық мәдениетті қалыптастыру, олардың құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарас. Осы бағыт бойынша мектепте 18 іс-шаралар атқарылды және олар сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруды, жолда жүру ережелерін қамтыды.

Осы бағыт бойынша жылдағыдан ерек болған ауқымды іс-шаралар:

Іс-шаралар атауы	Қамтылған бала саны
«Дара сынып» жобасы	2677
Оқушылар парламентін сайлау	49

Сынып сағаттары: 1. «Елімнің тұңғыш президенті» 2. «Қазақстан көшбасшымен бірге» 3. «Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті- Ұлт көшбасшысы»	2677
«Менің туым-менің Қазақстаным!» би шеруі	1034
«Вақытты мектер» жобасы: «Spinner» бағыты «Вақытты мектер» жобасы: «Жан жылуы» бағыты «Вақытты мектер» жобасы: «Экомектеп» бағыты	2677
А.Байтұрсынұлы, М.Мақатаев, Ы.Алтынсарин туған күніне арналған іс-шаралар	1600
«Адал және сатылмайтын еңбек бейнесі»	2677
Бірінші бағыт бойынша оқушылардың қамтылуы	71%

«Адал ұрпақ» қалалық еріктілер клубының арасында өткен “Тик-ток” байқауында мектеп-лицей оқушылар парламентінің құрамындағы БАС ЖҮЛДЕ иеленсе, Адал ұрпақ клубының мүшелері 10 “Е” сыныбы «Бейнеролик» түсіру байқауы бойынша ІІ орынды иеленді.

### **Тәрбиенің 2 – бағыты «Рухани-адамгершілік тәрбие»**

Мақсаты: жеке тұлғаның рухани-адамгершілік және этикалық принциптерін, оның адамгершілік қасиеттері мен көзқарастарын қайта құру туралы қазақстандық қоғам өмірінің жалпыадамзаттық құндылықтарына, нормалары мен дәстүрлеріне сәйкес келетін "Рухани жаңғырудың" құндылық негіздері туралы терең түсінік қалыптастыру; рухани-адамгершілік тәрбие беру. Бұл бағыт бойынша кітапхана жұмысы мазмұнды да нәтижелі болды. Мектептің пікір сайыс клубының мүшелері «76 Talks» танымдық іс-шарасын ұйымдастырып, орта буын сыныптарына Әлихан өмірінен квест ұйымдастырды. Сонымен қатар пікір сайыс клубының спикерлері дебат турнирлерінде жүлделі болды.

<b>Іс-шаралар атауы</b>	<b>Қамтылған бала саны</b>
«КітапLand» жобасы: «BookCrossing», «BookReading», «ReadX», «76 мектептің 76 кітабы», «Оқырмандар клубы»	2677
«Қамқорлық» акциясы	200
«76 Talks» танымдық іс-шара	300
«Ұлылар мекеніне саяхат» Тарихи танымдық жерлер (Карлаг, Алжир, т.б)	400
«Әлихан мұрагерлері СҮР » қалалық дебат турнирі	50
Екінші бағыт бойынша оқушылардың қамтылуы	50%

### **Тәрбиенің 3-бағыты ұлттық тәрбие**

**Мақсаты:** жеке тұлғаны жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға, ана тілі және мемлекеттік тілге, қазақ халқының мәдениетіне, Қазақстан Республикасының этностары мен этностық топтарына құрмет көрсетуге бағыттау, құндылықтар жүйесін қалыптастыру, қазақ тілін білу, Қазақстан

Республикасының мемлекеттік атрибуттары тану және құрметтеу. Ұлттық тәрбие бағытында ұлттық ойындарға, оның ішінде «Асық ату», «Тоғызқұмалақ» ойындарына үлкен мән берілді. «Асық ату» ойынында Жанакбай Тілегенұлының біздің мектебіміздің тарихында алған орны ерекше. Қазақтың ұлттық ойындарын насихаттау және жас буынның бойына ұлттық құндылықтарды сіңіру бағытында тер төгіп, шәкірттері қалалық және республикалық спартакиадаларда жеңімпаз атанды. Ол Асық ойыны сайысынан ардагерлер арасындағы республика чемпионатының жүлдегері, өзінің артынан да біраз жеңімпаздарды тәрбиеледі.

Іс-шаралар атауы	Қамтылған бала саны
«Мектеп-лицей мұражайымен таныстырылым»,кездесулер,мұражайға саяхат	1500
Сынып сағаттар: «Тәуелсіз Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері» (1-4) «Мемлекеттің дамуындағы рәміздердің маңызы» (5-8) Мемлекеттік рәміздер мемлекеттің, біздің егемендегіміздің негізі» (9-11)	2677
«Ұлттық ойын» жобасыны	1300
Үшінші бағыт бойынша оқушылардың қамтылуы	68%

#### Тәрбиенің 4-бағыты отбасылық тәрбие

**Мақсаты:** неке және отбасы мүшелерін құрметтеу құндылықтарын тәрбиелеу; отбасылық культ; толыққанды отбасын құру үшін денсаулық құндылықтары; отбасы мен достарына деген адалдық; отбасылық дәстүрлер; жәдігерлер мен әдет-ғұрыптарды құрметтеу; ана болудың қасиеттілігі; сезім құндылықтары - сүйіспеншілік, адалдық, достық, ата-аналарды тәрбиелеу, олардың психологиялық-педагогикалық құзыреттілігі мен балаларды тәрбиелеу жауапкершілігін арттыру. Отбасылық тәрбиені жүзеге асыру үшін мектебімізде спорттық ойындар, экологиялық науқандар, оқушы мен ата-ананың шебер сағаттары ұйымдастырылды. Сынып сағаттарында оқушылардың отбасындағы ерекшеліктеріне, отбасылық дәстүрлеріне, сыйластық, өзара көмек сияқты құндылықтарына, мектепте сыныптастарына деген қарым-қатынаста оларды да отбасым деп қабылдау эмоцияларына үлкен мән берілді. Көп жағдайда оқушылардың отбасында ілген құндылығының көрінісі қоғамдық орындарда айқын көрінеді. Сондықтан оқушының отбасындағы мінез-құлқын танып білу мұғалім үшін баланы терең түсініп, зерттеуіне жақсы мүмкіндік береді.

Іс-шаралар атауы	Қамтылған бала саны
Отбасымен тал егейік жобасы	100
Қарттарым қазынам жобасы:Ардагер ұстазбен кездесу,бейнеқұттықтау,жас жазушылар бәйгесі	1500

Сынып сағаттары: 1. «Ана – әлемдегі ең жақсы сөз» (1-4 сынып) 2. «Бәрі де, ана, бір өзіңнен басталады (5-8 сынып) 3. «Сыйынар ем, ана деген тәңірге» (9-11 сынып)	2677
Төртінші бағыт бойынша оқушылардың қамтылуы	53%

Мектептегі отбасылық тәрбие бағыты аясында ата-аналарға арналған «Ашық есік» күндері мен тақырыптық ата-аналар жиналыстары ұйымдастырылды. Жалпы ата-аналар жиналыстарына арнайы мамандар шақырылып, ата-аналарға ақпараттық қолдау жүргізіледі.

### **Тәрбиенің 5-бағыты еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие**

**Мақсаты:** еңбек ең жоғары құндылық ретінде; шығармашылық еңбек; еңбек мәдениеті; экономикалық сана-сезім; мамандық; мансап; функционалдық сауаттылық; компьютерлік сауаттылық; экологиялық сана-сезім; экомәдениет құндылығы, туған жерге және кіші Отанға деген сүйіспеншілік сезімі тәрізді құндылықтар қалыптастыру бойынша «Жасыл мекен», «Менің атаулы гүлім», «ЭкоАсар» жобалары жұмыс жасады. Оқушылардың

<b>Іс-шаралар атауы</b>	<b>Қамтылған бала саны</b>
ЭкоАсар жобасы:макалатура жинау,экосағат,шеберлік сағаты	800
Күзгі вернисаж атты көрме	200
«ҰБТ-ға байланысты психологиялық көмек»	160
Сынып сағаттары: 1.Табиғатпен достасқым келеді 2.Табиғатты бірге сақтайық 3.Мыңдаған ғаламшардан Жерден кереметі жоқ	2677
Бесінші бағыт бойынша оқушылардың қамтылуы	36%

### **Тәрбиенің 6-бағыты интеллектуалды тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу**

**Мақсаты:** оқушылардың интеллектуалдық мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттері мен дарындылығын, сондай-ақ ақпараттық мәдениетті, соның ішінде балалардың кибер мәдениеті мен кибер гигиенасын дамытуды қамтамасыз ететін мотивациялық кеңістікті қалыптастыру және этикалық нормаларды сақтауды үйрету. Бұл бағыт бойынша оқушыларымыз түрлі интеллектуалдық сайыстардан жеңімпаз болды. Тәрбие жоспарынан тыс Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай «30 игі іс» айлығы жоспарланып, 1-11 сыныптар арасында бірқатар іс-шаралар жоғары деңгейде атқарылды: "Book Guiz" зияткерлік сайысы, 3- 4 сыныптар арасында "Роботтар дефилесі" сайысы, Не? Қайда? Қашан? атты интеллектуалдық сайысы, "Әлемді география арқылы таны" тақырыбындағы сайыстары өтті. «Қазақстан Республикасының 100 үздік дарынды оқушысы» атты республикалық байқауда 3 "Ж" сынып оқушысы Бейбіт Алуа I орынды иеленді.

Іс-шаралар атауы	Қамтылған бала саны
Киберқауіпсіздік деген не? Хакерлердің желілік шабуылдарынан қорғану жолдары	400
«IQ GAMES» зияткерлік ойын	200
«76 мектеп көшбасшысы»	50
«Әлихан және Алаш» зияткерлік үстел ойыны	30
Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай «30 игі іс» айлығы	1300
Алтыншы бағыт бойынша оқушылардың қамтылуы	74%

### Тәрбиенің 7-бағыты көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие

**Мақсаты:** Жалпы мәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, жеке тұлғаның өнер мен шынайылыққа эстетикалық объектілерді қабылдауға, меңгеруге, бағалауға дайындығын дамыту, оның ішінде "Ұшқыр ой алаңы" мектеп оқушыларының дебаттық қозғалысы" жалпыұлттық мәдени-білім беру жобасын іске асыру арқылы білім беру ұйымдарында полимәдени орта құру, эстетикалық талғам мен сезімнің эстетикалық санасын, халықтардың ұлттық мәдениеттері құндылықтарына көркемдік-эстетикалық сезімталдықты қалыптастыру. Мектеп парламентінің ұйымдастыруымен оқушылардың бойына ұлттық құндылықтарды сіңіру, ұлттық сана-сезімінің көкжиегін кеңейту мақсатында "Бұрымды қыз" байқауы өткізілді. «Шаттық-2022» қалалық байқауында мектебіміздің оқушылары әр түрлі жанрлар бойынша жүлделі болды: "Драма жанры" бойынша ҚОЛА, "Фотосурет және 3D модельдеу" жанры бойынша КҮМІС, «Аспапта ойнау» жанры бойынша КҮМІС ЖҮЛДЕЛЕРІ.

Іс-шаралар атауы	Қамтылған бала саны
«Әлихан мұрагерлері» пікірсайыс клубы	50
«Күзгі сый»	600
Сынып сағаттары: 1. «Толеранттық - мейірімділік әлемі» (1-4 сынып) 2. «Толеранттық - үйлесімді өзара қарым-қатынас негізі» (5-8 сыны) 3. «Толеранттық - демократиялық қоғам шарты» (9-11 сынып)	2677
«Тұлғаны тану» жобасы	300
«GotTalent 76»	250
Жетінші бағыт бойынша оқушылардың қамтылуы	36%

### Тәрбиенің 8-бағыты дене тәрбиесі салауатты өмір салты

**Мақсаты:** салауатты өмір салтының, дене шынықтыру мен спорттың, дене шынықтырудың құндылығын, өз денсаулығына жауапкершілікпен қарау құндылығын қалыптастыру. Бұл бағыт бойынша бастауыш сынып ата-аналарының белсенділігі жоғары болды. Мектептің мұғалімдері де қалалық спорттық жарыстарға қатысып, жүлделі орындарға ие болу арқылы оқушыларға үлгі болды.

Іс-шаралар атауы	Қамтылған бала саны
Денсаулық күні апталығы	800
Сынып сағаттары: 1. «Газалық – денсаулық кепілі» (1-4 сынып) 2. «Дені сау ұрпақ – дені сау мемлекет» (5-8 сыныптар) 3. «Біз ЖҚТБ-ға, нашақорлыққа, маскүнемдікке қарсымыз, біз салауатты өмір салты үшін» (9-11 сынып)	2677
«Біз темекіге қарсымыз»	500
«Нашақорлыққа ЖОҚ дейміз!» (онлайн-акция)	500
Сынып сағаттары: 1.«Денсаулық пойызымен саяхат» (1-4) 2. «Дені сау ұлт - дені сау мемлекет» (5-8 сыныптар) 3. «Біз ЖҚТБ-ға ,нашақорлыққа, маскүнемдікке қарсымыз,біз салауатты өмір салты үшін» (9-11)	2677
Фудбол,волейбол,баскетбол мектеп лигасын ұйымдастыру	50
Сегізінші бағыт бойынша оқушылардың қамтылуы	45%

## SWOT талдау

Күшті	Әлсіз
<p>Оқушы үні, мектеп ұжымына сенімі; Құндылықтарға бағытталған білім беру жобасы; Дара сынып жобасы; Оқуға құштар мектеп; 76 мектептің 76 кітабы; «Әлихан мұрагерлері» пікір сайыс клубы; Мектеп парламенті; Оқушылардың еріктілігі, қолдау тобы; Адал ұрпақ; Құқық бұзушылықтың төмендігі; Үйірмелердің тиімділігі; Менің атаулы гүлім, отбасылық ағаш егу; Ата-аналардың мектеп өмірінде, жарыстарда белсенділігі; Оқушылардың спортқа қызығушылы мен жетістіктері Ерекше білім беруді қажет ететін оқушыларға өзін көрсетуге жағдай жасау; «Әлихан әлемі» бағыты арқылы Әлиханды терең тану, Алашордалықтарды білу және зерттеу; Жетістіктерге жеткен адамдармен сүбелі кездесулер;</p>	<p>Эко сана; Оқушылар арасында вейб қолдану; Сынып ішінде құндылықтарды дәріптеу; Әр сыныптың белсенділігін бақылау және бағалау жүйесін құру; Сынып сағаттарының мазмұндылығы; Құндылықтарды дарыту әдістерінің тиімділігін зерттеу; Іс-шаралардың ретсіздігі мен жүйесіздігі; Ата-аналардың жиналыстарға келу қарқыны төмен; Оқушылардың бір-біріне тәлімгерлігі; Ұлттық құндылықтар негізінде ұлттық идеологияны дамыту; Әлеуметтік желідегі ақпаратты сүзгілеу; Оқушыларға артылған жауапкершіліктің толық түсіндірілмеуі және қадғалау аздығы; Ұлағатты ұрпақ жобасы аясындағы жұмыстың жеткіліксіздігі;</p>
Мүмкіндік	Қауіп
<p>Мектеп-баланың психо-эмоционалдық күйінің жағымды және жайлы ортасы; Еріктілік-оқушылардың шығармашылығын шыңдау тандауы; Әлеуметтік желіні құндылық дарыту құралы ету; Көшбасшылықты дамытудың тиімді әдістерін зерттеу; Ана, әке, ата, әже мектептері арқылы толық емес отбасындағы балаларға қамқорлықты сезіндіру</p>	<p>Ата-аналардың мәдениет деңгейі; Ата-аналардың бала тәрбиесіне немқұрайдылығы; Булинг, кибербулинг; Вейбшоптардың саудасы; Әлеуметтік желідегі теріс ағымдар мен денсаулыққа зиян келтіретін трендтер; Қиындыққа тап болғанда, бейтаныс адамдарға алдану; Іс-шаралардың көптігі шашыраңқы жұмыс пен жүйесіздікке алып келуі</p>

Жасалған **SWOT талдауды** негізге ала отырып, келесі 2022-2023 оқу жылында мектептің тәрбие жұмысының күшті жақтарының тұрақтылығын қамтамасыз ете отырып, әлсіз тұстарды жетілдіруге жұмыс жасау керек. Сонымен қатар мүмкіндіктер мен қауіптерді ескере отырып, жылдық жоспарда көптеген іс-шараларды жүйелеп, өзара үйлесімін қамтамасыз ету, яғни бір іс-шара арқылы бірнеше тәрбие бағытының орындалуын алға қою және негізге алынған құндылықтарды оқушылардың болашақ өмірінде қандай көрініс табатының жан-жақты ұғындыру.